

Келер 2026 жылы аймақта қандай атаулы күндер мен мерекелі күндер өтпек?

2026 жыл – халқымыздың тарихына, руханиятына, ғылымы мен мәдениетіне қатысты көптеген айтулы даталарға толы жыл болмақ. Бұл күндер – өткенді еске алу ғана емес, болашаққа бағдар жасап, тарихи сананы жаңғыртудың жарқын мүмкіндігі.

Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі сіздердің назарларыңызға 2026 жылға берілген Арқалық қаласы және аймағының атаулы күндері және оқиғалар күнтізбегінің кезекті шығарылымын ұсынып отыр. Әдебиеттерді насихаттауда және еліміздегі көрнекті оқиғаларды хабарлауда бұл көрсеткіштің алатын орны ерекше.

«Күнтізбенің» негізгі мақсаты – өңіріміздің та-

лады.

2026 жылдың негізгі оқиғалары мен мерейтойлық күндері: Желтоқсан оқиғасына 40 жыл (1986), Ұлт-азаттық көтерілістің басталғанына 110 жыл (1916), ағартушы, педагог, жазушы Ыбырай Алтынсариннің туғанына 185 жыл (1841-1889), академик Манаш Қозыбаевтың туғанына 95 жыл (1931-2002), қоғам қайраткері, алаш ардагері, заңгер Ахмет Бірімжановтың туғанына

155 жыл (1871-1927), батыр Кейкі (Нұрмағамбет) Көкенбайұлының туғанына 155 жыл (1871-1923), күйші-композитор Дина Нұрпейісова-ның туғанына 165 жыл (1861), мемлекет қайраткері, этнограф Өзбекәлі Жәнібековтің туғанына 95 жыл, Мұқағали Мақатаевтың туғанына 95 жыл (1931-1976), ұлы ақын, жырау, жырышы Жамбыл Жабаевтың 180 жылдығы белгіленді.

Күнтізбеде көпшілікке танымал белгілі қайраткерлердің өмірі мен атқарған қызметтері жайлы мәлімет-

тор Айтбай Мұздахановқа 85 жас (1941) және басқалары.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасының ұлттық, мемлекеттік, кәсіптік және өзге де мерекелі күндері енгізілген.

Бұл атаулы күндер тізбегі жылдың әрбір айы бойынша реттеліп тізіледі және сол жылдың «Айы мен күні белгісіз атаулы күндері» берілген, «Туған күні мен айы белгісіз қайраткерлер, мекемелер мен тарихи оқиғалар тізімі» жеке топтастырылған. Тізімдерге соңғы жылдары түскен және алдыңғы шығарылымдарда көрсетілмеген әдебиеттер енгізілген.

2026 жыл – өткеннің тағылымы мен болашақтың үміті түйіскен уақыт межесі. Атаулы күндерді еске алу арқылы біз ұлт тарихына, руханиятына, тәуелсіздігіне деген құрметімізді білдіреміз. Бұл даталар – тек күнтізбеде белгіленген уақыт қана емес, сонымен қатар елдің рухани жаңғыру жолындағы маңызды кезеңдері.

пымал ішталары мен оның тарихы, мәдениеті, экономикасы туралы ақпарат беру. Сондай-ақ біздің кітапханада бар ақпараттарды оқырмандарға жеткізу және насихаттау.

Күнтізбе кітапханаларда, оқу орындарында, ұйымдар мен мекемелерде түрлі шараларды өткізуді жоспарлауға мүмкіндік береді.

Басылымға өлкеміздің атаулы тарихи оқиғалары мен атақты адамдардың мерейтойлары жайында ақпарат енгізілген. Қаламыздың тарихи, мәдени, экономикалық, әлеуметтік дамуына ат салысып жатқан мекемелер мен кәсіпорындардың, қалалар мен аудандардың, селолардың мерейтойлық даталық күндерін табуға бо-

тер берілген.

Атап айтсақ, ақын Серік Тұрғынбековке 80 жас (1946), Әлемдік «Шыңғысхан» академиясының «Құрметті академигі» өлкетанушы, оюшы- шебер Шөптібай Байділдинге 80 жас (1946), ақын, соғыс ардагері, Байдақ Молдашұлының туғанына 100 жыл (1926 –1994), ақын Әбжан Әбілтаевқа 75 жас (1951), ақын Кеңшілік Мырзабековтың туғанына 80 жыл (1946-1989), әнші, сазгер Бақытжан Сәуеке-новке 75 жас, сазгер, өнерпаз Төкен Елтебаевтың туғанына 90 жыл (1936-1995), кәсіпкер, меценат Сапар Ысқақовқа 85 жас (1941), дәрігер Бимағанбет Кенжебековтің туғанына 85 жыл (1941-2022), күйші, компози-

Басылым негізінен кітапханашыларға, ақпараттық орталықтың, баспасөз және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлеріне, мұғалімдерге, студенттерге және өлкеміздің тарихын танып-білгісі келген қалың оқырман қауымға арналған. Арқалық қаласының 2024 жылға берілген атаулы күндері және оқиғалар күнтізбегінің материалдарын кітапхана ресми сайтынан E – mail:arkounb@mail.ru алуларыңызға болады.

**Жаңагүл
ТҰЯҚБАЕВА,
Ақпараттық-
библиографиялық
қамтамасыз ету
бөлімінің библиографы**